

**I. Есенберлин атындағы
№67 гимназия**



ГИМНАЗИЯ КЕЛБЕТІ

Қаңтар

“Бақытты бала қаланатын, әр
баладан үміт күтетін жайлы білім
беру ортасын құрамыз.”



Мазмұны:

1 бет -... «Есенберлин тағылымы»

2 бет -... Құқық

3 бет -... Тілек

4 бет -... Ашық есік күн

5 бет -... Тікелей эфирде

6 бет -... Пікірсайыс

7 бет -... Адал ұрпақ

8 бет -... Спорт


Қаңтар

«Есенберлин тағылымы»



**Іс-шараның атауы: «Есенберлин тағылымы»
апталығының ашылу салтанаты**

**Ілияс Есенберлиннің 110 жылдығына орай
ұйымдастырылған бұл іс-шараның мақсаты
– жазушының өмірі мен шығармашылығын
насихаттау, жас ұрпаққа таныстыру және
тарихи тақырыпқа жазылған еңбектері
арқылы ұлттық рух пен сананы көтеру.**



Құқықтық сауаттылық – қауіпсіздік кепілі!

Мектебімізде "Құқықтық сауаттылық. Қауіпсіздік өмірге жол" атты онкүндіктің ашылуы өтті. Іс-шара барысында оқушыларға құқық, заң ұғымдары түсіндіріліп, олардың маңыздылығы жан-жақты талқыланды. Оқушылар құқықтық сауаттылықтың өмірде қандай рөл атқаратыны, өз құқықтарын қорғау мен жауапкершіліктерін түсіну қажеттілігі туралы тың ақпараттар алды.



Қаңтар



Жаңа жыл қарсаңында Сарыарқа ауданында 5–7 сынып оқушылары арасында «Ең үздік жаңа жылдық тілек» атты шығармашылық бейнеқұттықтау байқауы өтті. Жас дарындар өздерінің жылы лебіздерге және мерекелік көңіл-күйге толы ерекше бейнежұмыстарын ұсынды. Байқау нәтижесі бойынша 1-орынды қазылар алқасын ерекшелігімен таңғалдырған



І.Есенберлин атындағы №67 мектеп жеңіп алды. Жетекшісі: Молдаш Береке Алтайқызы. Ұйымдастырушылар атап өткендей, байқаудың мақсаты — мерекелік атмосфера қалыптастырып, жақындарына жылы лебіздер жеткізу және барлық қатысушыларға қуаныш сыйлау болды. Әрбір айтылған тілек жаңа жылға деген сеніммен қуаныш ұялататын ізгілік сәулесіне айналды.

Тілек



Қаңтар

Ашық есік күн



17.01.2025ж. күні 1 -11 сыныптарының ата-аналары үшін "Ашық есік күн" ұйымдастырылып "Шеңбер" ашық диалог алаңы өткізілді. Мақсаты: оқушының оқу-тәрбиесіне байланысты мұғалім мен ата- ана арасында ашық сұхбат арқылы білім сапасын жетілдіру жолын бірлесе шешу.



4-бет



**Біздің мектеп “ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ ПАРЛАМЕНТ”
атты қалалық сайыста жүлделі 3-орын
иеленді Жетекшілері: Тәрбие ісі-жөніндегі
орынбасар Гүлнар Беркаевна, педагог-
ұйымдастырушы Жадыра Оразалина, Аға тәлімгер
Береке Алтайқызы Бұл- ұйымшылықпен
қажырлы еңбектің арқасында. Барша парламент
мүшелерін құттықтаймыз**



**"Рух" дебат клубының ұйымдастыруымен
"Ілияс Есенберлиннің туғанына 110 жыл
толуына орай" мектепшілік пікірсайыс
"ESENBERLIN CUP-2025" турнирі өткізілді.
Сайысқа 11-9 сынып оқушылары қатысып 1,2,3,
орындармен және үздік спикер грамотасымен
марапатталды. Бұл ойынның мақсаты:
дарынды жазушы, драматург, халық таныған
классик қаламгер Ілияс Есенберлиннің
еңбектерін насихаттау.**



2025 жылдың 29 қаңтар күні «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы №67 гимназиямен бірлесіп «Есенберлин тағылымы» Ілияс Есенберлин байқауын өткізді.

Байқаудың мақсаты: Жазушының тарихи және әдеби мұрасымен таныстыру, насихаттау
Оқушылардың шығармашылық зерттеу және ғылыми қабілеттерін арттыру Әдеби тіл байлығын кеңейту, көркем сөз оқу шеберлігін дамыту
Шығармаларының рухани құндылықтарын жас ұрпақтың бойына сіңіру



" Біртұтас тәрбие" аясында ұйымдастырылған жыл сайынғы дәстүр бойынша Ілияс Есенберлиннің 110 жыл толуына орай Дзюдо күресінен кіші жасөспірімдер арасында қалалық ашық турнирі өткізілді. Турнирге Астана қаласының спорт клубтары, мектеп командалары сондай-ақ Ақмола, Қостанай облыстарының командалары қатысты. Жарысты ұйымдастырушы гимназияның ұстазы, бапкер Балғабек Ердәулет Әскербайұлы!!!



Газет редакторы
Жұмабай Рамазан
2025 жыл